

# ҚЫЗМЕТ АЯСЫН КЕҢЕЙТТІ

“Грань” ЖШС-інің кәсіпорындары бұған дейін электр және тау-кен жабдықтарын жөндеу жұмыстарымен шұғылданып келсе, ендігі уақытта

теміржол техникасын жөндеумен айналысатын болады. Бұл Екібастұз-2 станциясының аумағында орналасқан теміржол техника-

сын жөндеу цехының іске қосылуымен мүмкін болып отыр.

- Біздің компания 2004 жылы “Қазақстан теміржолы” ҰК-нан пойыздарды жуу цехының құрылысы аяқталмаған ғимаратын сатып алған еді. 2005 жылы осы ғимаратты теміржол техникасын жөндеу цехы қылып қайта жарактаудың жобалық-сметалық құжаттамалары жасалып, құрылыс қолға алынды. Бір сөзбен айтқанда, аталмыш цехтың ғимараты жанадан салынды десе де болады. дейді “Грань” ЖШС-нің бас директоры Петр Петрович Колодюк әңгімесінде.

Аумағы атшаптырым цехтың ішіне жөндеуден өткізілетін теміржол қраны мен платформа енгізіліп қойыпты. Цехта негізінен осындай қрандар, платформалар, дрезиналар және басқа да техника жөнделетін болады. Мұнда әзірге бір ауысымда 20 адам жұмыс істейді. Ал, 2006 жылдың жазында цех өзінің толық


өндірістік қуатына шыққанда жұмысшылар саны 80 адамға жетуге тиіс. Сол уақытта цех теміржол техникасын ағымдағы жөндеуден өткізумен қоса күрделі

жөндеумен де айналыспақшы. П.П. Колодюктің айтуынша, жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер негізінен Ресей мен Украинаның зауыттарында шығарылады екен. Сондық-

алыпты. Жаңа жылдан кейін “Қазақстан теміржолы” ҰК-мен байланыс орнатпақшы. Ол үшін цех ұжымы жөндеу жұмыстарын сапалы атқарып, тапсырыс берушілердің ықпалын жаулап алуы тиіс деп санайды Петр Колодюк өз сөзінде. Жалпы, «Грань» ЖШС-і теміржол саласындағы нарықты игеруге шындап бет бұрған сыңайлы. Өйткені, кәсіпорын “БАК” ЖШС-не қарасты бұрынғы ДПС-1 кәсіпорнынан тағы бір депоны сатып алыпты.

29 қарашада өткізілген теміржол техникасын жөндеу цехының ашылу салтанатына қала әкімі В.Д.Набитовский қатысып, “Грань” ЖШС-нің бас директоры П.Колодюк екеуі босағаға керілген лентаны қиды. Осыдан кейін қала әкімі

Валерий Давыдович салтанатты рәсімге жиналған цех ұжымын айтулы оқиғамен құттықтап, еңбекте



жан “Грань” ЖШС-і сондай зауыттармен байланыс жасамақшы. Сонымен бірге “Грань” ЖШС-нің Степногорск қаласында

екі жөндеу-механикалық зауыты бар көрінеді. Алдағы уақытта осы зауыттарда жылжымалы составтарды жөндеуге қажетті ұсақ-түйек бөлшектерді шығару да қолға алынады.

Жаңа цехтың толық өндірістік қуатында жұмыс істеуі үшін оған тапсырыс жасаушылар қатары көп болуы керек қой. Бұл орайда “Грань” ЖШС-і қазір “Бағыр”, “Шығыс” кеңіштерінен теміржол техникасын жөндеуге тапсырыс

табыс тіледі. Ал, қалалық мәслихаттың хатшысы Б.М.Шаймерденов құттықтау сөзінде “Грань” ЖШС-нің жалпы қалалық мерекелік шараларды өткізуге үнемі қолдау көрсетіп, қайырымдылық акцияларынан әсте қалыс қалмайтынын атап өтті.

“Грань” ЖШС-нің бас директоры П.Колодюк қарымға сөзінде цехты пайдалануға беруге атсалысқандарға, әсіресе, құрылысты қаржыландырған “Альянс” банктің басшылығына ризашылығын жеткізді.

Ж.Жалелұлы